

**Шымкент қаласы Түркістан, Жамбыл, Қызылорда облыстарының жалпы
орта білім беру ұйымдарының
6-10 сынып оқушылары арасында өтетін
«ҚҰНДЫ ҚҰЖАТ» өңірлік байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ереже

1.1. Осы ереже «Құнды құжат» өңірлік байқауды өткізу және оған қатысу тәртібі мен шарттарын реттейді.

2. Байқаудың мақсаты

2.1. Өткен тарихымызға құрмет көрсете білетін саналы, патриот азаматтар тәрбиелеу және жеке адамдар қолында сақталып қалған тарихи құжаттарды жинақтау.

2.2. Халықтың жеке архивтерінде сақталып қалған жыр-дастандар қолжазбаларын, майданнан жазылған хаттарды, награда қағаздарын және тарихымызға қатысты құнды құжаттарды жинақтап, мұрағатқа тапсыру.

3. Байқаудың негізгі міндеттері

3.1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" атты мақаласының «Таным мен тағылым» деп аталатын екінші бөліміне сәйкес жас ұрпақтың тарихи санасын айқын әрі берік қалыптастыру, отансүйгіштікке тәрбиелеу;

3.2. Отанға деген сүйіспеншілік, туған жерге деген қарым-қатынас және мәдениетке, дәстүрге деген құрмет көзқарас қалыптастыру;

Болашақтың іргетасы – бәсекеге қабілетті, прагматикалық, шығармашылық күзіретті, тәжірибе мен іс-әрекетті үйлестіре алатын жас ұрпақты сапалы білім, саналы тәрбие алуға бағыттау.

4. Байқаудың негізгі бағыттары (секция)

4.1. Көне жыр-дастандар жазылған қолжазбалар.

4.2. ХХ ғасырдың 40-жылдарына дейінгі қолжазбалар.

4.3. Ұлы Отан соғысынан бүгінгі күнге дейінгі құнды құжаттар.

5. Байқауды өткізу мен ұйымдастыру

5.1. Байқауды өткізу форматы – құжаттарды ұсыну және қорғау; зерттеу жұмысы.

I кезең- онлайн форматта.

2025 жылғы 20 наурыз – 17 сәуір аралығында байқауға қатысушылар өз жұмыстарын Facebook әлеуметтік желісінде #құндықұжат хэштегімен жариялайды.

Ұсынылған жұмыстар байқау талаптарына сәйкес іріктеуден өткізіледі. Іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша үздік жұмыстар өңірлік кезеңге жолданады. Сондай –ақ, қатысушылар тізімі #құндықұжат хэштегі арқылы әлеуметтік желіде жарияланады.

II кезең – өңірлік кезең (офлайн формат)

Өңірлік кезең офлайн форматта өткізіледі. Қатысушылар өз жұмыстарын презентациялық таныстырылым түрінде қорғайды.

Таныстырылым барысында оқушылар:

- жұмыстарын буклет, альбом форматында ұсынады;
- ұсынылған құжаттың түпнұсқасын бірге алып келуі қажет.

Өткізілетін уақыты: 2026 жылғы 28 сәуір, сағат 11:00.

5.2. Байқауды өткізу және жеңімпаздарды марапаттау орны

Байқаудың өңірлік кезеңі және жеңімпаздарды марапаттау рәсімі Шымкент қаласында өтеді.

Мекенжайы: Ы. Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы, Сайрам шағынауданы, 43А.

5.3. Байқауға қатысу негізі

Байқауға қатысу мектеп директорының ресми сұранысы негізінде жүзеге асырылады.

Өңірлік кезеңге қатысу үшін сұраныс 2026 жылғы 17 сәуірге дейін gulmaira.alimhanovna@mail.ru электронды поштасына жолдануы тиіс.

5.4. Байқауға қатысушылар:

Байқауға білім беру ұйымдарының **6-10 сынып оқушылары** қатыса алады.

6. Жұмыс органдары

6.1. Байқауды ұйымдастыруды білім басқармасының Әдістемелік орталығы құрған ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

6.2. Ұйымдастыру комитеті:

- Байқаудың өткізу тәртібін белгілейді;
- Тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады;
- Байқаудың қорытындыларына талдау жасайды және жинақтап қорытады.

6.3. Байқауға ұсынылған жұмыстарға жауапты:

- Мектепте: директор және директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары;
- Қазылар алқасында: төрағалары (оның құрамына тәжірибелі шығармашылықпен жұмыс жүргізетін мұғалімдер енеді).

7. Жұмыстарды рәсімдеу

7.1 Материалдарды рәсімдеу тәртібі А-4 форматы (жоғарғы жағы - 2 см; сол жағы - 3 см; төменгі жағы - 2 см; оң жағы - 1 см.) Times New Roman қарпімен, символ өлшемі – 14, жоғарылық интервал – 1 мәтіндік редакторында терілуі керек. Азат жол – стандартты (0,9).

7.2. Өңірлік байқауға ұсынылған жұмыстарды оқушылар өзімен бірге алып келеді. (Мекен-жайы: Ы. Алтынсарин атындағы № 65 мектеп-гимназиясы, Сайрам м/а, 43А)

7.3. Байқауға ұсынылатын материалдар қазақ немесе орыс тілінде берілуі мүмкін.

- Материалдардың көлемі шектеусіз.
- Байқау жұмыстары авторларға қайтарылмайды және оларға жеке пікір жазылмайды.

7.4. Баяндама құрылымы: мазмұны, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды (түйін), қолданылған деректер тізімі, қосымша.

7.5. Байқаудың баяндамасының сыртқы бетінде мектебі, тақырыбы, орындаушы (аты-жөні, тегі, әкесінің аты, сыныбы), ең асты жағында жылы жазылады.

7.6. Ұсынылған жұмыспен бірге мектеп басшысының қолы, мөрі қойылған, өңірлік байқауға қатысу сұранысы (*қосымша 1*) болуы тиіс.

8. Байқауға қатыстырылатын жұмыстардың критерийлері

8.1. Байқау жұмыстары талаптарға сай болуы керек:

1. Байқауға жіберілген құжаттардың тарихи маңызы болуы тиіс.
2. Араб немесе латын әліпбиімен жазылған қолжазбалардың түпнұсқасының сканына қосымша кирилл әліпбиіне аударылған нұсқасы қоса жіберілуі тиіс.
3. Құжаттардың сканы мүмкіндігінше сапалы болуы тиіс.

9. Марапаттау және байқауды қорытындылау

9.1. Құжаттардың тарихи және мәдени құндылығын арнайы құрылған қазылар алқасы анықтайды.

9.2. Құнды деп табылған құжаттар мұрағатқа тапсырылады.

9.3. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдар және жүлделі сыйлықтармен марапатталады.

Байқаудың жеңімпаздары Шымкент қаласы білім басқармасы Әдістемелік орталығының әлеуметтік желілердегі парақшалары мен БАҚ беттерінде жарияланатын болады.

10. Қосымша ақпарат алуға арналған байланыс тел: 8 702 111 24 64

**Шымкент қаласы, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда облысы жалпы орта білім
беру ұйымдарының
6-10 сынып оқушылары арасында өтетін
«ҚҰНДЫ ҚҰЖАТ» ӨНІРЛІК БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУҒА
СҰРАНЫС**

№	Өңір, облыс қала	Оқушының аты-жөні	Мектебі	Сыны бы	Секция атауы	Жұмыс тақыры бы	Жетекшіні ң аты-жөні	Байланыс телефон ы	Электронд ы пошта

Мектеп директоры

қолы, аты-жөні